

АЛҒЫ СӨЗ

Кітап сын елегінен өтіп, лайықты орнын тапсын деген ниетпен алдын ала кешірім өтініп, бірер түсініктеме бере кеткенді жөн санадым.

Өртүрлі философиялық мектептердің өкілдері мен жекелеген философтардан ғафу өтінемін. Осы кітабымда қарастыратын кез келген философты, бәлкім, тек Лейбництен өзгесін, басқа мамандар менен гөрі әлдеқайда тәуір білетін шығар деп топшылаймын. Әйтсе де, егер көл-көсір білімді қамтитын кітаптар міндетті түрде жазылуы керек десек, онда мұндай шығармаларды дүниеге әкелетін кісілер олардың әр тарауын әзірлеуге, адам баласының өмірі өлшеулі болғандықтан, өз назарын, негізінен, жеке тұлғаға немесе қандай да бір қысқа мерзімге аударатын авторларға қарағанда, азырақ уақыт жұмсауға тиіс. Қасаң қалпынан бұлжымайтын қайсыбір ғалымдар «өте ауқымды салаларды тұтас қамтитын кітаптар мүлде жазылмасын, ал алда-жалда жазыла қалған жағдайда, ол көптеген зерттеушілердің жеке еңбектерінен құралсын» деген тұжырымға табан тіреген. Алайда философия тарихын баяндау үшін әлденеше автордың басын қосу белгілі бір олқылықтарға соқтырады. Егер тарихи даму барысында бірізді сабақтастық байқалса, ілгерілі-кейінді жүзеге асқан құбылыстардың арасындағы ішкі байланыс көзге ұрып тұрса, онда алдыңғы және соңғы кезеңдерді бір ғана ғалымның қорыта жинақтап, хатқа түсіргені абзал екені сөзсіз. Руссо мұрасын зерделеуші, оның Платон және Плутарх Спартасымен байланысын бағалау барысында қиындықтарға тап болуы әбден мүмкін; Спарта тарихшысы Гоббс Фихте немесе Ленин туралы сәуегейлік таныта алмайтыны анық. Осы секілді байланыстардың сырын ашу – кітап авторының алдында тұрған міндеттердің бірі. Кең ауқымды зерттеудің нәтижесінде ғана бұл мақсаттың үдесінен шығуға болады.

Философияның талай тарихы жазылды, бірақ маған белгілісі – зерттеушілердің ешбірі өз алдына тура мен секілді мақсат қойған емес. Философтар бір мезгілде әрі салдар, әрі себеп болып көрінеді; олар өз заманының әлеуметтік ахуалы, саясаты мен қоғамдық құрылымының салдары ретінде көрініс тапса (қандай да бір философтың

пешенесіне сәтімен бұйырған жағдайда), кейінгі ғасырлардың саясаты мен қоғамдық құрылымын анықтайтын сенімдердің себебіне айналған. Философия тарихының көбісі әр ойшыл жапан түзде жалғыз күн кешкендей әсер қалдырады; оның көзқарастары оқшау баяндалып, әрі кетсе бұрынғы философтардың пайымдарымен байланысы сөз етіледі. Ал мен болсам әр философты (мүмкіндігінше өмір шындығынан бөліп алмай) қоршаған ортаның нәтижесі, яғни өзі бір бөлшегі болып саналатын қоғамға тән шашыраңқы ойлар мен сезімдерді санасына іріктеп шоғырландырған адам ретінде қарастыруға тырысамын.

Сол себепті кітапқа бірыңғай әлеуметтік тарихқа қатысты бірнеше тарау енгізілді. Ешкім де эллинизм дәуірі туралы белгілі бір мағлұматы болмайынша, стоиктер мен эпикуршілерді, V–XIII ғасырлар арасындағы шіркеудің даму тарихына азын-аулақ талдау жасамайынша, схоластарды түсіне алмайды. Сондықтан менің өз пікірімше, философиялық ойларға барынша ықпал еткен тарихи дамудың негізгі бағыттары жайында қысқаша баяндаймын, сондай-ақ кейбір оқырмандар үшін беймәлім тарихи кезеңдер, мысалы, ерте орта ғасырлар туралы, мүмкіндігінше, толық сөз етемін. Бірақ тарихқа арналған бұл тараулардан нақты сол немесе одан кейінгі кезеңнің философиясына аз ғана қатысы бар, әйтпесе еш қатысы жоқ нәрселердің барлығын түгелдей алып тастадым.

Бұл сияқты кітапқа деректерді іріктеудің машақаты өте көп. Мәселелерді егжей-тегжейлі қарастырмасаң, кітап сүреңсіз әрі тартымсыз болып шығады, ал ұсақ-түйекті шамадан тыс сөз ете берсең, шұбалаңқылыққа ұрынып қалуың ықтимал. Мен өз көзқарасым бойынша, дәрежесі биік ойшылдардың пікір-пайымдарын және оларға қатысты, тіпті түпкілікті маңызы болмаған күннің өзінде, сипаттамалық және жандандырушылық қасиеті тұрғысынан құндылығы бар нәрселерді зерттей отырып, мәміле табуға тырыстым.

Философия ежелгі замандардан бері оның белгілі бір мектептерінің айналысатын кәсібі немесе оқымысты адамдардың азғантай топтары арасындағы пікірталастардың алаңы болып қана қойған жоқ. Ол қоғам өмірінің ажырамас бөлігі еді; мен де оны сол тұрғыдан қарастыруға ұмтылдым. Егер ұсынылып отырған бұл кітаптың мақтауға лайық тұстары болса, онда жоғарыда аталған көзқарас осының бастау-бұлағы болып саналады.

Бұл кітаптың жарыққа шыққаны үшін д-р Альберт С. Бэрнеске қарыздармын; өйткені ол әуелде Пенсильваниядағы Бэрнес қорының негізінде қолға алынып, біраз бөлігі дәріс ретінде оқылған болатын.

1932 жылдан бері көптеген шығармаларымды жазуым үшін зерттеу жұмыстарын жүргізуіме, сондай-ақ басқа мәселелерді шешуіме жарым Патриция Рассел зор қолғабыс тигізді.